

|                                                                                                                 |                                                                                                                                                 |                                                               |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|
| ҚР Ғ Ж ЖБМ<br>«М.Әуезов атындағы Оңтүстік<br>Қазақстан университеті»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br>КеАҚ «М.Әуезов атындағы<br>Оңтүстік Қазақстан университеті»<br>сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі<br>бойынша Басшылық | СМЖ ОҚУ Б СІҚЖ 01.03-2022<br>Нұсқа 01<br><br>19-беттің 1 беті |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|

«БЕКТЕМН»  
М. Әуезов атындағы ОҚУ  
Басқарма төрағасы, ректоры  
Д.Кожамжарова  
« 18 » 03 2022ж.



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### «М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША

#### БАСШЫЛЫҚ

СМЖ ОҚУ Б СІҚЖ 01.03-2022

Тіркеу № 93  
Көшірме № \_\_\_\_\_

|                                                                    |                                                                                                     |                                                                     |
|--------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| Өзірлеген:                                                         | Келісілді:                                                                                          | Енгізілген:                                                         |
| СДЖИ жөніндегі проректор<br><u>А.Искакова</u><br>« 18 » 03 2022 ж. | Бірінші проректор<br><u>К.Нурманбетов</u><br>« 18 » 03 2022ж.                                       | Бұйрық № <u>64-нб</u><br><br>Енгізілген мерзімі<br>« 18 » 03 2022ж. |
| СДД директоры<br><u>Г.Омашова</u><br>« 18 » 03 2022 ж.             | Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс<br>бойынша проректор<br><u>Р.Абишева</u><br>« 18 » 03 2022 ж.        |                                                                     |
|                                                                    | Академиялық мәселелер жөніндегі<br>департамент директоры<br><u>А.Наукенова</u><br>« 18 » 03 2022 ж. |                                                                     |
|                                                                    | СЖЖСМ орталығы басшысы<br><u>С.Джунусбекова</u><br>« 18 » 03 2022ж.                                 |                                                                     |
|                                                                    | Заң бөлімі басшысы<br><u>А.Сартаев</u><br>« 18 » 03 2022ж.                                          |                                                                     |

|                                                                               |                                                                                                                                                                       |                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br><b>бойынша Басшылық</b> | <b>СМЖ ОҚУ Б СИҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 2 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|

## Мазмұны

|   |                                                                           |    |
|---|---------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 | Қолданылу саласы                                                          | 3  |
| 2 | Нормативтік сілтемелер                                                    | 3  |
| 3 | Терминдер мен анықтамалар                                                 | 3  |
| 4 | Белгілеулер мен қысқартулар                                               | 4  |
| 5 | Жауапкершілік және өкілеттіліктер                                         | 5  |
| 6 | Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі құжаттарының ақпараттары                | 5  |
| 7 | Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары                                   | 5  |
|   | 1 стандарт. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясат                      | 5  |
|   | 2 стандарт. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту                           | 7  |
|   | 3 стандарт. Студентке бағытталған оқыту және үлгерімді бағалау            | 8  |
|   | 4 стандарт. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тануы және сертификаттау | 9  |
|   | 5 стандарт. Оқытушы-профессорлық құрам                                    | 10 |
|   | 6 стандарт. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері          | 11 |
|   | 7 стандарт. Ақпаратты басқару                                             | 12 |
|   | 8 стандарт. Қоғамды ақпараттандыру                                        | 14 |
|   | 9 стандарт. Бағдарламаларды тұрақты бақылау және мерзімімен бағалау       | 15 |
|   | 10 стандарт. Сапаны мерзімді сыртқы қамтамасыз ету                        | 17 |
|   | А қосымшасы. Өзгертулерді тіркеу парағы                                   | 19 |

|                                                                               |                                                                                                                                                                       |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br><b>бойынша Басшылық</b> | <b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 3 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

## **1 Қолдану саласы**

1.1 Сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша осы басшылық(әрі қарай Басшылық) білім беру сапасын арттыру үшін "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ-да (әрі қарай ОҚУ) белгіленген жалпы тәсілдерді, саясатты, негізгі қағидаттарды, стандарттар мен тетіктерді біріктіреді, ОҚУ сапа менеджменті жүйесінің құжаттама жинағына кіреді

1.2 Басшылық авторлық құқық объектісі болып табылады және оны ОҚУ Басқарма төрағасы - ректорының рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге жол берілмейді.

1.3 Бұл Басшылық барлық құрылымдық бөлімшелерде, қызметтерде, кеңестерде және лауазымды тұлғаларда міндетті түрде қолданылады.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

2.1 Басшылықта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Еревандағы министрлер конференциясы мақұлдаған (ESG) сәйкес ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары, 14-15 мамыр 2015ж.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.06.2021ж. №282 бұйрығымен) ҚР СТ ИСО 9001: 2017 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік. ҚР СТ ИСО 9001: 2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

## **3 Терминдер мен анықтамалар бойынша деректер**

Басшылықта терминдер мен анықтамалар қолданылады, еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG ) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтары бойынша деректер және келесі терминдер мен анықтамалар қосымша қолданылады:

**Талдау (Analysis)** - бағдарламалардың білім беру мақсаттарын және студенттердің қол жеткізген оқу нәтижелерін бағалау үшін деректерді анықтау, жинау және дайындау процесі.

**Білім сапасын бағалаудың ішкі жүйесі (БСЫЖ)** - бұл білім беру сапасын үнемі арттыру және сапа мәдениетін дамыту үшін қажетті ұйымдастырушылық және функционалдық құрылымдардың, ішкі нормалардың, көрсеткіштер мен процестердің жиынтығы.

**Білім беру сапасы** - білім алушының білім беру қызметі мен даярлығының мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына, негізгі стейкхолдерлердің кәсіптік стандарттары мен қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ білім беру

|                                                                               |                                                                                                                                                                       |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br><b>бойынша Басшылық</b> | <b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 4 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

бағдарламасының жоспарланатын мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін білдіретін кешенді сипаттамасы.

**Сапа мәдениеті** - бұл университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылары бөлісетін сапаның негізгі принциптерін қамтитын ұйымдастырушылық тәртіп.

**Мониторинг** - білім беру жағдайын және оның нәтижелерінің өзгеру динамикасын жүйелі стандартталғанын бақылау, білім беру қызметін жүзеге асыру шарттарымен, білім алушылар контингентімен, білім алушылардың оқу және оқудан тыс жетістіктерімен, ұйым түлектерінің кәсіби жетістіктерімен, білім беру қызметін жүзеге асыратын, ұйымдар желісінің жайғдайын, білім беру қызметін жүзеге асыратын.

**Сапаны қамтамасыз ету** - білім беру бағдарламаларының мазмұнының, академиялық мүмкіндіктер мен құралдардың белгіленген мақсаттарға және қажетті сапа деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ететін белгілі бір жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу процесі.

**Білім беру бағдарламасы / оқыту бағдарламасы** – бұл білімнің мазмұны мен көлемін, оқу процесін ұйымдастыру үлгісін, курстарды, модульдерді меңгеру реттілігі мен мерзімдерін, оқу табысының диагностикалық құралдарын, сертификаттауды, күтілетін оқу нәтижелерін, оның ішінде академиялық дәрежеге әкелетін құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтитын ұйымдық-әдістемелік құжат.

**Бағалу (Assessment/Evaluation)** - бұл талдау процесінде жиналған мәліметтер мен дәлелдемелерді түсіндіру. Бағалау бағдарламаның білім беру мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін анықтайды, студенттердің оқу нәтижелері және бағдарламаны жетілдіруге қатысты шешімдер мен әрекеттерге әкеледі.

**Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі** – бұл университеттің ұйымдық құрылымының жиынтығы, ішкі құжаттарды, көрсеткіштерді, процестер мен ресурстарды, білім беру сапасын үнемі арттыру және мәдениет сапасын дамыту үшін қажет.

**Стейкхолдер** - университет қызметінің нәтижелеріне мүдделі тұлға.

**Білім берудегі студенттерге бағытталған тәсіл (Student-Centred Approach in Education)** - жоғары білім берудегі Болон реформаларының негізгі принципі, оқу процесінде білім берудің орын ауыстыру екпінділігін болжау (профессорлық-оқытушылық құрамның «білім беру үдерісіндегі екпіндердің білім беруді оқытудан алшақтауын көздейтін» негізгі рөлі ретінде) оқу үшін (оқудағы студенттің белсенді қызметі ретінде).

#### 4 Белгілеулер мен қысқартулар

Басшылықта келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

КеАҚ - коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОҚУ - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

|                                                                               |                                                                                                                                                         |                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br>бойынша Басшылық | <b>СМЖ ОҚУ Б СІҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 5 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|

БЖҒМ - Білім және ғылым министрлігі;  
СБӨ - сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;  
СДД - Стратегиялық даму департаменті;  
СМЖМО - сапа менеджменті және стратегиялық жоспарлау орталығы;  
НҚ - нормативтік құжаттар;  
СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;  
ОПҚ – оқытушы – профессорлық құрам;  
ПР - процедура.

## **5 Жауапкершілік және өкілеттіліктер**

5.1 Сапаны қамтамасыз ету және арттыру университет басшылығы, жоғары мектептер, кафедралар мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы ортақ жауапкершілік болып табылады.

5.2 Басқарма төрағасы – университет ректоры университетке жалпы басшылықты жүзеге асырады, білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді, университет қызметінің нормативтік және заңнамалық талаптарға сәйкестігі үшін жауап береді, ЖОО құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді.

5.3 Университет бөлімшелерінің басшылары лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес оларға қарасты бөлімшелердің қызметін қамтамасыз етуге жауапты.

5.4 Басшылыққа өзгерістерді «Өзгерістерді тіркеу парағына» (А Қосымшасы) міндетті белгісі бар СБӨ (стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор) енгізеді

## **6. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің құжатталған ақпараты**

6.1 Университетте университет жұмысының барлық аспектілерін реттейтін тиісті нормативтік-құқықтық база (ұйымдастырушылық, өкімдік және нормативтік құжаттар) әзірленді.

6.2 СМЖ-нің ішкі нормативтік құжаттары ОҚУ-нің барлық қызметкерлері үшін [www.smk.mon-ukgu.kz](http://www.smk.mon-ukgu.kz) сайты бойынша қолжетімді.

## **7. Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары**

### **1 Стандарт. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты**

1.1 Сапа саласындағы саясат сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту бойынша университет белгілеген жалпы тәсілдерді, түйінді қағидаттарды көрсетеді.

1.2 Сапа саясаты стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен бірге қарастырылады: миссия, университеттің даму стратегиясы, академиялық саясат, университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары.

1.3 Сапа саласындағы саясат университеттің біртұтас және үздіксіз сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізі болып табылады, ол үздіксіз жетілдіру

|                                                                                         |                                                                                                                                                                                 |                                                                          |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br/><b>бойынша Басшылық</b></p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 6 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|

циклі болып табылады және университеттің барлық деңгейінде сапа мәдениетін дамытуға қолдау көрсетеді.

1.4 Сапа саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетеді және халықаралық, ұлттық және университет ішіндегі контекстті ескереді.

1.5 Сапа саясаты ресми мәртебеге ие және университет сайтында көпшілікке қол жетімді.

1.6 Сапа саласындағы саясат өзгертілетін талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

1.7 Негізгі мақсат – «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ-ды ғылым, білім және бизнестің тығыз интеграциясына негізделген ғылыми-кәсіпкерлік университет ретінде қалыптастыру болып табылады.

1.8 Университет саясатының негізгі мақсатына келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (ESG)сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;

- халықаралық ғылыми-зерттеу ұжымдары мен консорциумдар құру, іргелі және қолданбалы ғылымдар саласында бірлескен зерттеулерді жүзеге асыру үшін шетелдік ұйымдармен әріптестік байланыстарды кеңейту;

- инновациялық инфрақұрылымы дамыған және өз өндірістері бар зерттеу және кәсіпкерлік университетті қалыптастыру, оның шеңберінде өнім шығару жүзеге асырылады;

- түлектерді жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін кәсіби стандарттар негізінде бәсекеге қабілетті, тәжірибеге бағдарланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- көптілді білім беру бағдарламаларын, көпмәдениетті ортада озық зерттеулерді және халықаралық нарықта білім беру қызметтерін экспорттауды іске асыратын әлемдік білім беру қауымдастығы мойындаған халықаралық университетті құру;

- заманауи ғылыми-техникалық және оқу жабдықтарын сатып алу және онымен байланысты инфрақұрылымды дамыту арқылы университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту;

- ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдіру, персоналдың жұмыс жағдайларын үздіксіз жақсарту, еңбекті ынталандыру жүйесін жетілдіру және ЖОО қызметкері кәсібінің беделін арттыру арқылы ОҚУ кадрлық әлеуетін арттыру;

- білім алушылардың дербестігін, шығармашылығы мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту, жоғары мәдениетті, әлеуметтік белсенді және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру.

|                                                                               |                                                                                                                                                         |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br>бойынша Басшылық | <b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 7 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

## **2 стандарт. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту**

*Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту процедураларын анықтайды. Білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып, Дублиндік дескрипторлар негізінде қалыптастырылған оқытудың болжамды нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді. Білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынған біліктілік нақты анықталған және Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі салалық біліктілік болып табылатын Жоғары білім берудің Ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі бір деңгейіне сәйкес келеді.*

2.1 Университет ҚР МЖБС талаптарына, кәсіби стандарттар, университеттің даму стратегиясы және үздік тәжірибе мысалдары негізінде білім беру бағдарламаларын дайындауды қамтамасыз етеді. Бағдарламаларды әзірлеу кезінде университет келесінің қамтамасыз етеді:

- білім беру бағдарламаларының мақсаттарына университеттің даму стратегиясына сәйкестігін;
- оқытудың нақты белгіленген күтілетін нәтижелерінің болуын;
- білім алушылар мен басқа да стейкхолдерлердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуын;
- бағдарламаны игеру процесінде білім алушының тұрақты кедергісіз жылжуын;
- білім алушылардың болжамды жүктемесін анықтау;
- практика мен тағылымдамадан өтуге мүмкіндік беру;
- бағдарламаны ресми бекіту процесі.

2.2 Университет Жоғары білімі бар және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішіне, МЖБС талаптарына және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласының басқа да нормативтік - құқықтық актілеріне, сондай-ақ университеттің академиялық саясатына сәйкес білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі-ББ) дербес әзірлейді.

2.3 Білім беру бағдарламалары мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі контекстінде әзірленеді және құзыреттілік нысанында көрсетілген оқыту нәтижесіне бағдарланады.

2.4 Білім беру бағдарламалары модульдік принцип бойынша қалыптастырылады. Білім беру бағдарламасының әрбір модулі оқытудың белгілі бір нәтижесіне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған. Оқыту нәтижелері бағдарлама бойынша тұтастай, әрбір модуль және жеке пән бойынша тұжырымдалады.

2.5 Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту ресімі «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы» ереже СМЖ ОҚУ Е 7.44-2021 сәйкес жүргізіледі.

2.6 Білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған біліктілік жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі бір деңгейіне,

|                                                                               |                                                                                                                                                         |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br>бойынша Басшылық | <b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 8 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

демек, еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес нақты анықталған:

- біліктілік деңгейі 6-бакалавриат;
- біліктілік деңгейі 7-магистратура;
- біліктілік деңгейі 8-докторантура.

2.7 Университет білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес дәреже береді (МЖБС №604, 2018 жылғы 31 қазандағы, 4-қосымша).

### **3 стандарт. Студентке бағытталған оқыту және үлгерімді бағалау**

*Университет студенттердің бағдарланған оқу процесстерін білім беру бағдарламаларына енгізеді: оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу процесіне ынталандыруын арттыру үшін жағдайлар жасайды; оқу нәтижелерін бағалаудың дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.*

3.1 Университет білім алушылардың дербестігін дамытуға жағдай жасайды:

- білім алушылар үшін түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру;
- оқытудың белсенді әдістерін енгізу;
- тұлғаға бағытталған тәсілді дамыту;
- оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру;
- білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;
- білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін күшейту;
- оқытуда зерттеушілік тәсілді қолдану;
- оқытушылар тарапынан білім алушыларға оң көзқарасты қалыптастыру;
- студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін күшейту;
- оқудың қолайлы жағдайларын жасау.

3.2 Университет ОҚУ СМЖ ПР 7.02-2021 "Оқу-ұйымдастыру процесстерін басқару" сәйкес оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді, оған мыналар кіреді:

- оқыту тілін, оқыту формасын, элективті пәндерді, оқытушыларды таңдау мүмкіндігі;
- пәндерді таңдау бойынша электрондық тіркеу;
- жеке оқу жоспарын қалыптастыру;
- пәндерді қайта немесе қосымша оқу үшін қосымша семестрді ұйымдастыру;
- қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқыту мүмкіндігі.

3.4 Университет білім алушылардың оқу процесіне ынтасы мен көңіл бөлуін арттыру үшін жағдай жасайды. Білім беру бағдарламалары оқытудың заманауи және тиімді әдістерін пайдалана отырып іске асырылады, білім

|                                                                               |                                                                                                                                                         |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br>бойынша Басшылық | <b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 9 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

алушыларды оқу процесіне белсенді тартуға және оның дербестігі мен білім беру процесінің нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Оқу сабақтарын және оқытудың қолданылатын әдістерін ұйымдастыру ОҚУ СМЖ-де ПР 7.03-2021 «Оқу-әдістемелік процестерді басқару» сәйкес жүзеге асырылады.

3.5 Педагогикалық әдістерді бағалау және түзету үшін ашық сабақтарды ұйымдастыру шеңберінде, сабаққа қатысу, әдістемелік комиссиялар мен семинарлардың отырыстары, оқу-әдістемелік кеңестің жұмысы, мастер-класстар өткізу жүргізіледі.

3.6 Оқытушылар мен білім алушыларды өзара құрметтеу мәселелері қағидаттармен және құндылық-этикалық нормалармен реттеледі, ОҚУ СМЖ-де 7.19-2021 «Этика Кодексі» бойынша анықталған.

3.7 Білімді бағалау ОҚУ СМЖ-ның ПР 8.15-2021 «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау», ОҚУ СМЖ ПР 8.06-2021 «Ағымдағы үлгерімді бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау процесін басқару» процедураларына сәйкес жүргізіледі.

3.8 Университет білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесін эдвайзерлер, кураторлар, бітіруші кафедра, деканат, бірінші проректор деңгейінде ОҚУ СМЖ 7.20-2021 «Академиялық адалдық ережелерне» сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау Басқарма Төрағасы – ректордың атына өтініш, Басқарма төрағасы – ректордың блогы, Ректор мен проректорларды қабылдаудың белгіленген сағаттары арқылы іске асырылады.

#### **4 стандарт. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау**

*Университет білім алушыларды қабылдау және шығару, оқыту нәтижелерінің мониторингі, жоғары білім беру біліктіліктерін объективті тану, оқыту кезеңдері мен алдыңғы білім беру процедураларын айқындайды, жариялайды және дәйекті қолданады. Университет оқуды аяқтаған білім алушыларды алған біліктілігін растайтын дипломмен және мемлекеттік үлгідегі қосымшамен қамтамасыз етеді.*

4.1 Университетке қабылдау университеттің академиялық саясаты негізінде, ОҚУ СМЖ ПР 7.13-2021 «Білім алушыларды іріктеу процесін басқару» ҚР Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген сәйкестендіру және қадағалау жүзеге асырылады. Қабылдау критерийлері мен процедуралары бойынша ақпарат университет сайтында орналастырылады.

4.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру біліктіліктерін объективті тануға кепілдік беру үшін, бейресми білім беруді тануды қоса алғанда, оқыту және алдыңғы білім беру кезеңдерін:

|                                                                                         |                                                                                                                                                                                 |                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br/><b>бойынша Басшылық</b></p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 10 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|

- Лиссабон Конвенциясын тану туралы іс-әрекеттерінің сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- ҚР-да тану және нострификациялау процедурасы бойынша атқарушы орган болып табылатын ҚР БЖҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығымен ынтымақтасады.

4.3 Басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында алған біліктіліктерін тану, оқу кредиттерінің трансфертін толтырудың бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.4 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға тиісті дәреже беріледі және қосымшасы бар диплом (транскрипт), сондай ақ дипломға еуропалық қосымша (European Diploma Supplement) беріледі. Құжаттар оқытудың қол жеткізілген нәтижелері туралы ақпаратты, алынған білімнің мән-мәтінін, мазмұнын, мәртебесін, оны аяқтағаны туралы куәлікті қамтиды.

## **5 стандарт. Оқытушы-профессорлық құрамы**

*Оқытушы сапалы оқытуды қамтамасыз етудегі және білім алушылардың білім, білік, шеберлік пен құзыреттілікті игерудегі негізгі тұлға болып табылады. Университет меритократия қағидаларына сәйкес барлық қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, кәсіби өсірудің және дамытудың ашық процедураларын анықтайды, жариялайды және қолданады.*

5.1 Оқытушы сапалы оқытуды қамтамасыз етудегі және білім алушылардың білім, білік, дағды мен құзыреттілікті игерудегі негізгі тұлға болып табылады. Университет меритократия қағидатына сәйкес барлық қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, кәсіби өсірудің және дамытудың ашық процедураларын анықтайды, жариялайды және қолданады.

5.2 Университет өз қызметкерлерінің сапасына және олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға жауапты.

5.3 Университеттің ПОҚ мен қызметкерлерін дамыту мақсатында кадр саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді, персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, кадрлық басқарудың тәсілдерін, әдістері мен құралдарын біріктіретін, "Менеджмент қызметкерлері" ОҚУ СМЖ ПР 6.02-2021 сәйкес Қызметкерлерді басқару саласындағы университеттің бірыңғай тәсілі мен құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

5.4 Университет жыл сайын біліктілікті арттыру жоспарын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ете отырып, профессор-оқытушылар құрамының мансаптық өсуіне және кәсіби дамуына мүмкіндік береді.

5.5 Оқытудың маңыздылығын мойындай отырып, университет қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, лауазымға тағайындаудың, бос лауазымдарға орналасудың, қызмет бойынша жоғарылатудың, жұмыстан босатудың айқын, ашық және объективті өлшемдерін әзірлейді және оларды

|                                                                               |                                                                                                                                                         |                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| ҚР БЖҒМ<br>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br>коммерциялық емес акционерлік<br>қоғамы | Сапа менеджменті жүйесі<br><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br>бойынша Басшылық | <b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br>Нұсқа 04<br>19-беттің 11 беті |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|

ОҚУ СМЖ ПР 6.02-2021 "Қызметкерлер менеджменті" сәйкес меритократия қағидаларына сәйкес өз қызметінде ұстанады.

5.6 Университет ПОҚ үшін бес жылда бір рет ОҚУ СМЖ ПР 6.03-2021 «Қызметкерлердің біліктілігін арттыру процестерін басқаруға» сәйкес міндетті біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді.

5.7 Дарынды және білікті қызметкерлерді дамыту, сақтау және ілгерілету мақсатында университет кадрлық резерв жүйесін құрады және қолдайды.

## **6 стандарт. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері**

*Университет жеткілікті, қолжетімді және мақсатқа сай оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді. Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде университет білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.*

6.1 Университет білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді.

6.2 Университет оқу ресурстарын жоспарлау, бөлу және қамтамасыз ету кезінде білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.

6.3 Университеттің инфрақұрылымы бірыңғай кешен болып табылады және жабдықталған оқу аудиториялары, зертханалары, мамандандырылған сыныптары, спорт залдары, жатақханалары, денсаулық пункттері, асханалары, Студенттер сарайы бар оқу ғимараттарын қамтиды. Инфрақұрылымды басқару ОҚУ СМЖ ПР 6.06-2021 "Инфрақұрылымды жұмыс жағдайында ұстау және өндірістік ортаны басқару" құжатына сәйкес жүргізіледі.

6.4 Білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуді: Қабылдау комиссиясы, Студенттерге қызмет көрсету орталығы, Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы, Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы, Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Білім беру-ақпараттық орталығы (БАО) қамтамасыз етеді.

6.5 Білім алушыларға әлеуметтік қолдауды- Әлеуметтік қолдау бөлімі қамтамасыз етеді.

6.6 Университет білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына, оның ішінде ресми сайтқа, интерактивті порталдарға, СҚКО-ға, білім беру-ақпараттық орталығы қорларына, электрондық кітапхана базасына тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ғылыми кітапхананың кітап қоры қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ шетелдік және отандық мерзімді басылымдарды қамтиды. Электрондық кітапханада пәндерді оқып-үйренуге, ҒЗЖ жүргізуге қажетті цифрландырылған оқу және ғылыми дереккөздер бар. Электрондық кітапханаға қол жеткізу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

|                                                                                         |                                                                                                                                                                   |                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br/>бойынша Басшылық</p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СІҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 12 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|

6.7 Университет білім алушылар мен оқытушылардың қашықтықтан оқыту үшін интерактивті порталға кез келген жерден және тәуліктің кез келген уақытында қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Порталда академиялық күнтізбе, кесте, оқу-әдістемелік материалдар, хабарландырулар орналастырылған.

6.8 Университет негізгі мақсаттарын айқындай отырып, студенттік өзін-өзі басқаруды белсенді қолдайды және дамытуға ықпал етеді:

- студенттерді оқытудың өзекті сұрақтарына қатысты мәселелерді шешуге көмек көрсету;
- студент жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға жәрдемдесу;
- университет имиджін арттыру;
- студенттік ортада салауатты өмір салтын насихаттау;
- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру;
- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- студенттердің университет өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

6.9 Университет қаладан тыс жерлерде тұратын білім алушыларды университеттің жатақханаларындағы орындармен қамтамасыз етеді. Университет ұсынатын жатақханалар, студенттердің тұрмысын ұйымдастыру және білім алушылардың жан-жақты дамуы үшін барлық қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен жабдықталған. Жатақханада орын алуға өтінім портал арқылы онлайн режимде беріледі: <http://portal.ukgu.kz/online>.

6.10 Университеттің басым бағыттарының бірі - салауатты өмір салты мен мәдениетін қалыптастыру және нығайту болып табылады. Университет студенттік спортты дамыту үшін жағдай жасайды: тегін негізде спорттық-сауықтыру секциялары, спорт және жаттығу залдары жұмыс істейді. Спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Университет білім алушы спортшылардың халықаралық, республикалық, облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қолдайды.

6.11 Университет студенттер мен қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетеді. Медициналық пункттер дәрігерге дейінгі көмек, шұғыл көмек және санитарлық-ағартушылық сипаттағы жұмыстарды жүргізуде.

## **7 стандарт. Ақпаратты басқару**

*Шешім қабылдау кезінде, сенімді ақпарат қажетті шарт болып табылады. Университет өз бағдарламаларын және басқа да қызмет бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану рәсімдерін анықтайды. Университет ақпараттың өлшенуін, сенімділігін, дәлдігін, уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз етеді.*

7.1 Сенімді ақпарат шешім қабылдау кезінде қажетті шарт болып табылады. Университет өзінің бағдарламалары мен процестерін қызметтің барлық бағыттары бойынша тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану рәсімдерін анықтайды.

|                                                                                         |                                                                                                                                                                                 |                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br/><b>бойынша Басшылық</b></p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 13 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|

7.2 Университет ақпараттың өлшемділігін, дұрыстығын, дәлдігін, уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз етеді және фактілерге негізделген шешімдер қабылдауды көрсетеді.

7.3 Университет заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

7.4 Университет білім алушыларды, қызметкерлер мен ОПҚ-ны ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ солардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тартуды көрсетеді.

7.5 Университеттің сыртқы және ішкі ортасының барлық көлемді талдауы – білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін талдауды және сыртқы сын-қатерлер, тұтынушылар мен бәсекелестердің негізгі топтарын зерттеуді, білім беру қызметтерінің еңбек нарығының ерекшеліктерін анықтауды, университеттің ағымдағы жай-күйін, оның күшті және әлсіз жақтарын, ішкі және сыртқы тәуекелдерді талдауды қамтиды.

7.6 Негізгі мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтулері білім беру саласындағы сыртқы нормативтік құжаттаманы, бірлескен іс-шараларды (практика, тағылымдама, семинарлар, кездесулер, бірлескен жобалар және т.б.) өткізу кезіндегі кері байланыс нәтижелерін талдау жолымен айқындалады.

7.7 Университет басшылығы ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жақсарту үшін, өңделген, дұрыс ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді.

7.8 Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі ОПҚ шеңберінде, персонал мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етеді және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін «Тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау» ОҚУ СМЖ ПР 8.07-2021құжатына сәйкес көрсетеді.

7.9 Университет білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша басқарудың әртүрлі деңгейлері, құрылымдық бөлімшелер, ОПҚ және білім алушылар арасында ақпарат алмасудың тиісті процестерін қолдануды қамтамасыз етеді. Мұндай процестерге сайтты және оның ақпараттық жүйелерін қолдау, электрондық поштаның жұмыс істеуі, жеке кабинеттерде ақпарат беру және т. б. жатқызуға болады.

7.10 Ақпаратты талдау барысында қабылданған шешімдер стратегиялық құжаттарда, құрылымдық бөлімшелер мен алқалы органдар отырыстарының хаттамаларында, сондай-ақ қызмет бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарларында тіркеледі.

7.11 Жиналатын ақпараттың құрылымы мен көлеміне, көздеріне, кезеңділігіне, уақыт аралығына, дұрыстығы мен уақтылығы үшін жауапты тұлғалар- ішкі нормативтік құжаттамамен айқындалады.

7.12 Ақпараттың сақталуы пайдаланылатын ақпараттық жүйелерде функцияларды бөлумен, вирусқа қарсы бағдарламалардың болуымен,

|                                                                                         |                                                                                                                                                                   |                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br/>бойынша Басшылық</p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 14 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|

серверлерді жүйелік әкімшілендірумен, серверлерде резервтік көшіру жүйесімен, жеке тұлғалардың серверлері бар орындарға кіруін шектеумен, жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін серверлері бар орында техникалық жарақтандырумен қамтамасыз етіледі.

7.13 Процестердің жай-күйі туралы ақпаратты жинау және талдау, сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нормативтік құжаттардың және тиісті стандарттардың талаптарына сәйкестігін белгілеу; сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нәтижелілігін айқындау, оны жұмыс жағдайында ұстау және жетілдіру үшін, жоспарланған уақыт аралықтары арқылы ішкі аудит шеңберінде жүргізіледі.

## 8 стандарт. Қоғамды ақпараттандыру

*Университет өз қызметі туралы ақпаратты жариялайды. Оның ішінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру туралы. Халыққа ұсынылатын ақпарат анық, нақты, объективті, өзекті және қолжетімді болып табылады.*

8.1 Университеттің ақпараттық саясатын жүзеге асыруды М. Әуезов атындағы ОҚУ баспасөз қызметі қамтамасыз етеді. Оның функцияларына ақпараттың толықтығы мен жеделдігін қамтамасыз ету, қолда бар ақпарат құралдарын дамыту және іздеу, сондай-ақ ақпараттық қызметті түзету мақсатында БАҚ мониторингі кіреді.

8.2 Университеттің баспасөз қызметі өз қызметі туралы ақпаратты тұрақты түрде жариялап тұрады. Қоғамға ұсынылатын ақпарат анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болып табылады.

8.3 Қоғамды ақпараттандыру келесі мақсатқа бағытталған:

1) университеттің бұқаралық ақпарат құралдарындағы маңызды оқиғалары мен жетістіктері туралы жаңалықтардың тұрақты ақпараттық ағынын қамтамасыз ету;

2) университет ғалымдарының жаңа бағдарламалары мен инновациялық әзірлемелеріне ықтимал тұтынушылардың қызығушылығын аудару;

3) елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары білім беру мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдау және түсіндіру.

8.4 Университет өз қызметі туралы қоғамды хабардар етуді қамтамасыз етеді: auezov.edu.kz ресми сайты арқылы; әлеуметтік желілер арқылы: университеттің ресми сайтында Facebook, Контакт, Instagram, Твиттер, Youtube-тегі университеттің ресми беттеріне сілтемелер бар.

8.5 Университеттің ресми сайтында ЖОО-ның негізгі құрылымдық бөлімшелері (факультеттер/жоғары мектептер, кафедралар, білім алушыларды қолдау және кеңес беру қызметтері, басқа департаменттер, орталықтар, бөлімдері) туралы толық ақпарат берілген.

8.6 Сайттың ақпараттық ресурсы ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады. ЖОО қызметі туралы ақпарат түлектерге, студенттерге, ОПК-ға, басқа да мүдделі тараптарға және жалпы қоғамға пайдалы.

|                                                                                         |                                                                                                                                                                   |                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br/>бойынша Басшылық</p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СИҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 15 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|

8.7 Университеттің ресми сайтында келесі ақпараттар қамтылған: ЖОО туралы жалпы ақпарат, оның тарихы; университеттің Миссиясы, мақсаттары мен міндеттері; Білім беру бағдарламаларының тізбесі, байланыстар; ЖОО құрылымының сипаттамасы және оның қызметін реттейтін негізгі құжаттар; ЖОО инфрақұрылымының сипаттамасы (оқу корпустарының мекен-жайлары мен сипаттамалары, автобус қозғалысының бағыты және т. б.); талапкерлерге арналған ақпарат (құжаттарды қабылдау мерзімдері мен тәртібі, қабылдау шарттары, қабылдау комиссиясының жұмыс режимі); оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар; университеттің ғылыми және инновациялық қызметі, халықаралық байланыстары туралы материалдар; электрондық-кітапхана ресурстары; серіктестер мен жобалар туралы ақпарат; түлектердің жетістіктер тарихы; жаңалықтар мұрағаттарын қоса алғанда, ішкі ақпараттық ресурстарға, жаңалықтар блогына сілтемелер, фото және бейне есептер.

8.8 Университеттің ақпараттық жүйелері білім алушыларға оқу-ұйымдастыру мен білім беру мазмұнын ұсынады: Академиялық күнтізбе, сабақтар мен сессиялар кестесі, білім беру бағдарламалары, элективті пәндер каталогтары, оқу тапсырмалары мен жобаларын (СӨЖ, курстық және дипломдық жұмыстар, есептер және т. б.) ресімдеуге және орындауға қойылатын талаптар, Білім алушыларды бағалау критерийлері, қорытынды аттестаттауды өткізу қағидалары; ішкі қағидалар мен талаптар, оның ішінде сабақтардағы мінез-құлық, емтихан тапсыру және т.б. қағидалары; бөлімшелердің байланыс деректері мен жұмыс режимі; университет базасында өткізілетін іс-шаралар туралы хабарландырулар; конкурстарға қатысу, университеттің жеңілдіктері мен гранттарын алу шарттары; қосымша қызметтер туралы деректер (жатақхана, байланыс және т. б.).

8.9 Сайттағы ақпарат Университеттің ақпараттық жүйелерінен интеграцияланады, нақты уақыт режимінде жаңартылады және келесідей пайдаланушылар топтарына бағдарланған: талапкерлерге, білім алушыларға, академиялық құрамға, әкімшілік-басқару қызметкерлеріне.

8.10 Ақпараттық саясат университет ректорының өз қызметінің нәтижелері туралы қоғамға: студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер және басқа да мүдделі тұлғалар алдында жыл сайынғы есебін қамтиды.

## **9 стандарт. Бағдарламаларды тұрақты бақылау және мерзімді бағалау**

9.1 Университет ресімдерді айқындайды және олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету және студенттер үшін қолайлы оқу ортасын құру үшін өзінің білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг пен мерзімді бағалауды жүзеге асырады.

|                                                                                         |                                                                                                                                                                   |                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br/>бойынша Басшылық</p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СИҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 16 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|

9.2 Университет білім алушыларды, жұмыс берушілерді және басқа да мүдделі тараптарды білім беру бағдарламаларын бағалау және қайта қарау үдерістеріне тартуды қамтамасыз етеді.

9.3 Университет бағдарламаларды үнемі жетілдіру үшін осы үдерістердің нәтижелерін пайдаланады.

9.4 Университет білім беру бағдарламаларын үздіксіз мониторингтеу және мерзімді бағалау нәтижелерін уақтылы жариялауды қамтамасыз етеді.

9.5 Университет бағдарламалық (мамандандырылған) аккредиттеу стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын сыртқы қамтамасыз ету (аккредиттеу) ресімінен үнемі өтеді.

9.6 Білім беру бағдарламаларын талдау және қайта қарау мониторингі келесідей процестер негізінде жүзеге асырылады:

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту;
- Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу;
- бірлескен жұмыс немесе сауалнама нәтижелері бойынша қалыптасқан жұмыс берушілердің ұсыныстары;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттау бойынша аттестаттау комиссиясының ұсыныстары;
- университеттің оқытушы-профессорлық құрамының педагогикалық тәжірибесін зерттеу нәтижелері.

9.7 Білім беру бағдарламаларын жетілдіру келесі ресімдерді қамтиды:

- білім беру бағдарламалары мен курстар бағдарламаларының мазмұнына жыл сайын сараптама Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті, дайындық бағыттары бойынша академиялық комиссиялар, оқу-әдістемелік кеңесі, университеттің Ғылыми кеңесі деңгейінде жүзеге асырылады;
- білім беру бағдарламаларын жыл сайын талқылау және талдау, стейкхолдерлерді қатыстыра отырып, элективті пәндер каталогын өзгерту және кеңейту;
- білім беру бағдарламасын іске асыру процесінің мониторингін - даярлау бағыттары бойынша Академиялық комиссиялар жүзеге асырады.

9.8 Ұсынымдар бойынша білім беру бағдарламаларын бағалау және қайта қарау қызығушы стейкхолдерлер негізінде жүзеге асырылады:

- білім алушылардың, әрбір академиялық кезеңнен кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысқан ОПК-ның педагогикалық қызметін бағалау;
- түлектерді даярлау сапасы бойынша, жұмыс берушілерден сауалнама жүргізу (үш жылда бір рет);
- түлектердің білім беру бағдарламасының сапасы, пәндердің өзектілігі және әр бітіргеннен кейінгі олардың мазмұны туралы сауалнамасы;

|                                                                                         |                                                                                                                                                                   |                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі<br/>бойынша Басшылық</p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СИҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 17 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|

- жыл сайынғы жұмысқа орналасу нәтижелерін жинау және талдау, түлектердің мансаптық өсуін талдау;

- ОПК ашық сабақтары мен өзара сабақтары.

9.9 Білім алушылардың оқу жетістіктерін жинау, талдау және бағалау - үлгерімнің ағымдағы және аралық бақылау мен аттестацияны жүргізу нәтижелері бойынша, нәтижелерді алқалы органдар отырысында одан әрі қарай қарау арқылы жүзеге асырылады.

9.10 Білім алушыларды бағалау процедураларының тиімділігін талдау келесі анықтау арқылы жүзеге асырылады:

- бағалау критерийлерінің пәнді оқытуда күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі;

- бағалау құралдарының жарамдылық, ашықтық, сенімділік, инклюзивтілік, шынайылық қағидаттарына сәйкестігі;

- аралық және қорытынды бағалау нәтижелері бойынша кері байланыстың болуы.

9.11 Білім беру бағдарламаларын бақылау, бағалау және жетілдіру процесі декандардың, кафедра меңгерушілерінің міндеті болып табылады және мамандарды даярлау бағыттары бойынша Академиялық комиссиялармен бақыланады.

9.12 Білім беру бағдарламалары өзгерістерінің құжаттық куәліктері: алқалы органдардың шешімдері, білім беру бағдарламаларын талдау және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары, іс-шаралар хаттамалары, алқалы органдардың шешімдері негізінде жаңартылған әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру бағдарламалары мен курстардың оқу бағдарламаларын мониторингілеу және бағалау нәтижелері туралы Академиялық комиссиялардың анықтамалары болып табылады.

## 10 стандарт. Сапаны мерзімді сыртқы қамтамасыз ету

10.1 Университет сапаны қамтамасыз етудің сыртқы процедураларына үнемі қатысады. Университет сыртқы бағалау нәтижелері туралы қоғамды хабардар етуге кепілдік береді және оларды білім беру бағдарламалары мен барлық қызмет түрлерін жетілдіру үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

10.2 Университет келесі сыртқы сапаны қамтамасыз ету процедураларына үнемі қатысады:

- 1) институционалдық аккредиттеу;
- 2) бағдарламалық (мамандандырылған) аккредиттеу;
- 3) жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингісі;
- 4) білім беру бағдарламаларының рейтингісі.

10.3 Университет қызметінің тиімділігі оның QS әлемдік рейтингтерінде ұсынылуымен расталады.

10.4 Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы процедуралары Университет ішіндегі сапаны қамтамасыз ету процестерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік

|                                                                                         |                                                                                                                                                                                 |                                                                            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ<br/>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»<br/>коммерциялық емес акционерлік<br/>қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі<br/><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы<br/>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b><br/><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b><br/><b>бойынша Басшылық</b></p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СИҚЖ 01.03-2022</b><br/>Нұсқа 04<br/>19-беттің 18 беті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|

береді. Олар жаңа мүмкіндіктерді дамыту мен іске асырудың катализаторы болып табылады.

10.5 Әрбір сыртқы сапаны қамтамасыз ету процедурасы аяқталғаннан кейін Университет үздіксіз сапаны қамтамасыз ету процесін қолдайтын қызметті жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады.

10.6 Университет сыртқы сапаны қамтамасыз етудің соңғы ресімдерінен бастап қол жеткізілген ілгерілеуді, келесі процедураға дайындық кезінде ескеруге тырысады.

10.7 Университет білім беру бағдарламаларының, оның ішінде халықаралық деңгейдегі аккредиттеу ресімдерін үнемі жүзеге асырады.

10.8 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедураларының нәтижелері университеттің ресми сайтында орналастырылады.

|                                                                                           |                                                                                                                                                                                                    |                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| <p>ҚР БЖҒМ</p> <p>«М.Әуезов атындағы ОҚУ»</p> <p>коммерциялық емес акционерлік қоғамы</p> | <p>Сапа менеджменті жүйесі</p> <p><b>КеАҚ "М.Әуезов атындағы</b></p> <p><b>Оңтүстік-Қазақстан университеті"</b></p> <p><b>ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі</b></p> <p><b>бойынша Басшылық</b></p> | <p><b>СМЖ ОҚУ Б СИҚЖ 01.03-2022</b></p> <p>Нұсқа 04</p> <p>19-беттің 19 беті</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|

## А қосымшасы

Φ. 4. 01-08

## Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]